



Құрметті зейнеткерлер, соғыс және еңбек ардагерлері!

Қазан айында Сіздерге, аға буынға, ерекше ықыласпен құрмет көрсететін және алғыс білдіретін күн бар. 1 қазан Қазақстанда Қарттар күні тойланады. Бұл – бізге өмір сыйлаған аталарымызға көңіл бөліп, олардың махаббаты мен ізгі ниеттері, бүгінгі бақытты өміріміз үшін сый көрсететін мереке.

Еліміз аға буын адамдарын мақтан етеді, бұл – болашаққа сеніммен қарайтын ауданымыздың патриоттары – құнды капиталымыз. Ауданымыздың тарихы мен хром кенінің алыбы солардың арқасында салынған. Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері, құрметті зейнеткерлер, Сіздерге жастық шақтарыңызды біздің болашағымыз үшін қиып, еліміздің бой көтеруге, тың игеру жұмысына қатысып, жаңа мемлекет салуға аянбай еңбек еткендеріңіз үшін тағзым етеміз.

Балаларыңыз бен немерелеріңізге аманат ететін адамгершілік қасиеттеріңіз өскелең ұрпақты біріктіреді, жас ұрпақ Сіздер жеткізген дәстүрлерді жалғастыруға және қаламыздың гүлденуіне, оның азаматтарының болашаққа сеніммен қарауына, бақытты өмір сүруіне қадам жасауға міндетті.

Біздің қоғамымызда ұрпақтар сабақтастығы жалғасып келеді, Сіздердің ақылдарыңыз, беделдеріңіз үнемі тұрақтылық пен келісім саясатында болды.

Осы құндылықтардың иелері болып табылатын Сіздерді ерқашан мақтан етеміз.

Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері, құрметті зейнеткерлер!

Сіздерге ұзақ өмір, отбасылық береке, жақындарыңыз бен туғандарыңыздың жылылығын тілейміз.

Сіздердің көңілдеріңіз ерқашан жас болсын, өмірден алған тәжірибелеріңіз еліміздің жерен жас ұрпақтың игілігіне дарысын.

Аудан әкімі
А.Бекет
Аудандық мәслихат хатшысы
Д.Молдашев

Уважаемые представители старшего поколения!

В октябре есть день, когда мы с особым чувством отдаем Вам, старшему поколению, дань благодарности и почести. 1 октября в Казахстане отмечается День пожилых людей. Это - праздник мудрости и житейского опыта, это день благодарения старших за подаренную жизнь, за любовь и заботу, за счастливые сегодняшний день.

Страна гордится старшим поколением, это – удивительные люди, бесценный капитал - патриоты своего района с неустойчивой верой в будущее. Именно старшим поколением создана богатейшая история нашего района и хроморудного гиганта.

Мы преклоняемся перед Вами, уважаемые ветераны войны и труда, уважаемые пенсионеры, уже потому, что молодость многих пришла на лихолетье, на восстановление разрухи, поднятие целины и строительство нового государства.

Нравственный багаж, который вы передаете своим детям и внукам, сближает поколения, обязывает продолжать Ваши традиции и сделать следующий шаг к процветанию города и благополучию его граждан, позволяет с оптимизмом смотреть в будущее.

В нашем обществе никогда не прерывалась связь поколений, и Ваш ум, авторитет всегда были на службе политики позитивных преобразований, стабильности и согласия. Гордимся Вами, носители этих богатейших ценностей, которые не устареют никогда.

Уважаемые ветераны войны и труда, уважаемые пенсионеры!

Желаем Вам долгих лет жизни на радость вашим детям, внукам и правнукам, семейного благополучия, тепла и внимания родных и близких.

Пусть в Вашей душе не будет места старости, жизненной позицией будут слова «Старость меня дома не застанет!», а весь жизненный опыт, накопленный годами, станет достоянием страны и молодого поколения.

Аким района
А.Бекет
Секретарь районного маслихата
Д.Молдашев



ҚАРЛАУДА 40 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Бөгетсай ауылдық округіне қарасты Қарлау елді мекенінде «Туған жерге тағзым» акциясының аясында бой көтерген бастауыш мектеп пайдалануға берілді. «Аспан» шаруа қожалығының басшысы Жұмабай Бекмағамбетовтің демеушілігімен салынған білім ошағы 40 орынға шақталған. Ашылу салтанатына қатысқан Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан мен аудан әкімінің орынбасары Мадияр Қабыл ауыл тұрғындарының қуанышымен бөлісті.

– Мектеп – қай кезде де ауылдың алтын қазығы. Осы мектептің салынуына үлес қосқан әрбір азаматқа өз ризашылығымызды білдіреміз. Облысымызда 415 мектеп жұмыс жасайды. Еліміздің өркендеуімен қатар, жылма-жыл бала саны да өсуде. Ақтөбе облысында бір жылдың өзінде он мың балаға дейін мектепте орын тапшылығы байқалады. Осы мақсатта «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес Ақтөбе облысы 5 жылда 50 мектептің құрылысын жүргізуі керек. Соның алғашқы он екісі биыл жыл аяғына дейін тапсырылады. Оқушы орнының тапшылығымен қатар, әр ауылды сақтап қалу мақсатында да мектеп салу – облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің білім басқармасының алдына қойған басты талаптардың бірі. Бұл мектеп соның алғашқы қарлығы деп білерсіздер, – деген облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан ауыл тұрғындарын аймақ басшысы Оңдасын Оразалиннің атынан құттықтап, мектептің техникалық базасын нығайту үшін құрал-жабдықтар алуға арналған сертификат табыстады.

Сондай-ақ, қарлаулықтарға аудан әкімі Азамат Бекеттің ыстық ықыласын жеткізген аудан әкімінің орынбасары Мадияр Қабыл арнайы сертификат табыстап, мектеп ауласын спорт жабдықтарымен жасактауға сөз берді.

Одан әрі облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан аудан орталығындағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің жұмысын қарады.

Нысандары бүлдіршіндерге жасалған жағдайды көзімен көріп, мамандармен пікір алмасқан басқарма басшысы ата-аналармен тілдесті. Ата-аналар өз кезегінде психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті мекемесінің арнайы гимнастика көшуіне қолдау көрсеткені үшін алғыстарын білдіріп, гимнасттың жылылығы ала жасалған жағдайды тілге

тиек етіп, әсіресе мамандардың қарым-қатынасының жақсы екенін жеткізді.

Мекеме басшысы Алла Жангужина психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің көмегіне жүгінушілердің қатары жыл санап артып келе жатқанын айтады. Тіпті, дені сау балалардың өзі өсе келе аутизмге шалдығатынын айтқан ол көбіне бұның себебі – бүлдіршіндердің ұялы телефонды көбірек қолдануынан екенін тілге тиек етті.

Одан әрі №5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасына арнайы ат басын тіреген басқарма басшысы Жолдас Батырхан «Жеті ойыншық» жобасының жұмысымен танысты.

– Қазіргі таңда өңір басшысы Оңдасын Оразалиннің қолдауымен «Жеті ойыншық» жобасы бойынша облыста 40 арнайы кабинеттер жасакталып, ол кабинеттерге ұлттық нақыштағы, құралмалы, экологиялық таза ағаш материалынан жасалған ойыншықтар сатып алынды. Солардың бірі осы балабақша болғандықтан, ойыншықтардың тиімділігін көруді мақсат тұттық. Бұл ойыншықтар балалардың зеректігін, тез ойлау қабілетін, танымы мен шығармашылық өзіндік бейінін дамытуға әсер етіп, табиғи дарыны мен асылмаған қабілеттерін дамытады, – деді Ж.Батырхан.

«Жеті ойыншық» жобасының «Ұлы дала ұлағаты», «Ұлы дала ұланы», «Ғажайыптар мекені», «Тіп-қазына», «Зерделі ұрпақ», «Зияткер», «Ұлы дала сазы» сынды жеті бағыты бар.

Балабақшаның жұмысымен танысқан басқарма басшысы материалдық базасын тексеріп, мамандармен бүлдіршіндермен тілдесті.

Сондай-ақ, балабақшаның сырты мен төбесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы Елмұрат Болатовқа тиісті тапсырмалар жүктеді.

Қуандық РЕЙМОВ

БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА, КӘСІПОРЫНДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРГЕ, БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ӨКІЛДЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖАСТАРҒА, «ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ, ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМ» АЙЛЫҒЫ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ҮНДЕУ

Құрметті достар!

1990 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 1 қазан «Халықаралық қарттар күні» деп жариялады. Содан бері жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарияларға қамқорлық, жақсылық пен мейірім» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артауда. Мемлекет оларға көрсетілетін көмек көлемін, тіпті экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес.

Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлерін көбейтуге байланысты қабылданған шаралар Қазақстанды ТМД елдерінің арасындағы жоғарғы зейнетақы төлеу деңгейіне көтерді. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар да бар. Әлемді жайлаған пандемия біздің елімізде де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Жасы ұлғайған шағында кейбір қариялар жылу-

лық пен мейірімге, көмекке зәру. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», бір жұдырықтай жұмыла қимылдап елдігімізді көрсетейік. Ардагерлерімізді ардақтап, оларды қашанда, қамқорлық аясынан тыс қалдырмау, Елбасының сөзімен айтқанда, «Қарияларымыз - халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың қадірлі қазынасы».

Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, жүрегі жомарт ізгі ниетті барлық адамдарды аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұмытпауға, ардагерлерімізге деген қамқорлыққа, қолдауға шақырамыз!

Ол үшін өздеріңіз тұратын өңірдегі жергілікті әкімдіктермен, ардагерлер ұйымдарымен байланыста, көмекке зәру, егде адамдарға мейіріммен, материалдық және моральдық жағынан көмек беруге өз үлестеріңізді қосады деп сенеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі



БАСКЕТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

"Хромтау аудандық жастар ресурсы және жастар арасында дін мәселелері, қоғаммен байланыс орталығы" КММ ұйымдастыруымен аудан маңысында Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай баскетболдан турнир өтті.

"Хромтау аудандық жастар ресурсы және жастар арасында дін мәселелері, қоғаммен байланыс орталығы" КММ ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты – аудан жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бос уақытын тиімді өткізу. Спорттық шараға аудандық «Нұр» мешітінің, Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінің, пробаияның, аудан әкімшілігінің құрама командалары қатысты.

Турнир нәтижесінде бас жүлдеге оқ бойы оза шапқан мешіт жамағатының "Нұр 2" құрама командасы ие болып, ақшалай сыйлықты жеңіп алды. Екінші орынды теңбіл допты ұршықша ирген Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінің "Общага" құрама командасы,

жүлделі үшінші орынды мешіт жамағатының "Нұр 1" құрама командасы иеленді. Сондай-ақ, марапаттау рәсімі барысында жеңімпаздар ғана емес, белсене қатысып, жеңіске деген жігер танытқан «Жұлдыздар», «Жастар» командаларына да алғыс хаттар мен ақшалай сыйлық табысталды.

Сайыс жеңімпаздарын "Хромтау аудандық ішкі саясат бөлімі" ММ басшысы Жайнагул Рақышева құттықтап, сыйлықтар табыс етті.

«Аудан жастарының басын қосқан турнир өте қызықты әрі тартысты өтті. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында бүгінгідей шараларды ұйымдастыру маңызды» - деді Жайнагул Рақышева.

Жанел Өтеулі

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді тамаша мереке - Ұстаздар күнімен құттықтаймыз!

Сіздердің өскелең ұрпаққа берген ұлағаттарыңыз әр оқушының жан дүниесіне жарық сәуле болып құйылып, жүрегіне ізгілік нұрын ұялатады. «Ұлағаттың ұстасы» деген теңеулер тек ұстаздарға арналғандығы ақиқат.

Мектеп пен ұстаз - білімнің қайнар көзі, тәрбие-төлімнің дара орталығы. Білім - тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымыздың, Елбасы межелеген алғашқы 30 мемлекеттің қатарына қосылудың басты алғышарты. Білім саласының мақсаттары мен нысандары, білім мен тәрбие берудің әдістері мен талаптары сан рет өзгеріп жатқанымен, Отанымыздың өрелі азаматтарын қалыптастырудағы мұғалімнің алатын маңызды орны еш уақытта өзгермек емес. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады». Сондай тәрбиелі де білімді ұрпақты қалыптастыру сынды жауапкершілігі өте зор міндеттің ұстаздар қауымына жүктелуі осы мамандықтың қаншалықты қастерлі екенін айғақтайды.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық, технологиялық мәдениеттің дәуірі. Егеменді еліміздің болашағы – білімді ұрпақтың қолында десек, өркениет көшіне ілесу - баланың бойына ұлттық құндылықтың нәрін сеуіп, тәуелсіздігі мен бірлігі мызғымайтын еліміздің айтулы азаматын қалыптастырып өсіру - ұстаздардың мәртебелі міндеті. Сондықтан да Сіздер - ұстаздар қауымы елге елеулі, халыққа қалаулы, қадірлісіздер.

Қымбатты білім саласының қызметкерлері! Баршаңызға мерейлі мереке күні мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңыздың амандығын тілей отырып, еліміздің, ауданымыздың атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбіне берсін демекпіз.

Аудан әкімі
А.Бекет
Аудандық маслихат хатшысы
Д.Молдашев



Уважаемые учителя!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником — Днем учителя!

Сфера образования – основа будущего, высокого профессионализма, патриотизма молодого поколения казахстанцев. Ее главная опора - учителя, отдающие все свои силы и знания почетному делу воспитания и обучения наших детей.

С момента обретения суверенитета в нашей стране уделяется особое внимание сфере образования. Очаги образования – школы оборудуются согласно велению времени, в них создаются все необходимые условия для получения знаний. Глава государства К.К.Токаев в своем Послании народу Казахстана отметил огромную значимость сферы образования в нашей республике. Президент страны придает особое значение сфере образования, оказывает ей постоянную поддержку. В свою очередь, в политике развития нашей республики особую роль имеют грамотные и высокопрофессиональные педагоги.

Цивилизованность, процветание государства измеряется и уровнем образованности общества. Поэтому мы всегда должны поддерживать этого золотого правила. Сегодняшние ученики школы – это люди, которым предстоит в будущем управлять страной. Главным мериллом труда учителя является воспитание образованных специалистов, стремящихся не отставать от современного времени, познавать новое и неизведанное.

Дорогие учителя!

Желаем вам огромных успехов в благородном труде, направленном на воспитание молодого поколения и процветание нашего государства!

Аким района
А.Бекет
Секретарь районного маслихата
Д.Молдашев

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ — МЕМЛЕКЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ. АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ДЕҢГЕЙІ, МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕК ЖАЙЫНДА АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АҚҚАЛҚА БАЙДУЛЛИНА АЙТЫП БЕРДІ.

— **Әңгімені өзіңіз басшылық ететін бөлімнің негізгі жұмыс бағыттарынан бастасақ.**

— Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік осал топтарға мемлекеттік көмек түрлерін беру, оның ішінде — мүгедектер, аз қамтылған отбасылар, әлеуметтік көмекке мұқтаж басқа да санаттағы адамдарды, сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту шараларын жүзеге асырумен айналысады. Аудандық жұмыспен қамту орталығы да аталған бөлімнің шеңберінде жұмыс жасайды. Осы екі мекеменің жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты, бөлім орталықтың жұмысына басшылық жасайды және бағыттап отырады.

— **Аудан тұрғындарын жұмысқа орналастыру мәселесі қандай деңгейде?**

— Халықты жұмыспен қамту деңгейі жоғары деп айта аламын. Ағымдағы жылда жұмыспен қамту орталығына екі жарым мыңдай халық келген. Жұмыспен қамту шаралары бойынша «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы бос жұмыс орындарына, әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарға орналастыру, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, жастар тәжірибесі, ұрпақтар келісімшарты, алғашқы жұмыс орны бағдарламалары бойынша барлығы 2720 адам қамтылды. Қазіргі таңда аудан бойынша 580 азамат жұмыссыз ретінде тіркелген. Аталған азаматтардың барлығы дерлік белсенді шараларға тартылып отыр. Атап айтсақ, ақылы қоғамдық жұмысқа — 299, қысқа мерзімдік кәсіптік оқуға — 69, жастар тәжірибесіне — 46, әлеуметтік жұмыс орындарына — 71, ұрпақтар келісімшарты бойынша — 8 және алғашқы жұмыс орындары бойынша — 5 адам, мемлекеттік қайтарымсыз грантқа — 30 адам тартылды. Сондай-ақ, 52 адам жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алып отыр.

Жалпы, басқа аудандармен салыстырғанда Хромтауда жұмыспен қамту бойынша әлеует өте жоғары. Бізге жұмыс берушілерден келетін сұраныс көп. Оларды толықтай қанағаттандыру кейде мүмкін болмай жатады. Себебі, Хромтау ауданында өндіріс ошақтары, мемлекеттік мекемелер көп, тұрғылықты азаматтар жұмыс таплайды, еңбекақы жоғары болмаса, бос жұмыс орнына келмейді. Дегенмен, біз қолымыздан келгенше барлық жұмыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыру бағытында тынбай жұмыстанудамыз.

Бұл бағытта жұмыспен қамтуға байланысты көшпелі рекрутингтік пунктiмiз бар. Сонымен қатар, жүйелi түрде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерiн өткізіп тұрамыз. Жыл басынан бері 1615 азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

— **Қазіргі таңда қандай мамандар тапшы?**

— Мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындарға психологтарды,

АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ-
Аққалқа
БАЙДУЛЛИНА:



ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДА АУДАННЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

аспазшыларды, медбикелерді, көлік жүргізушілері, қосалқы жұмысшылар, сатушылар, сондай-ақ кіші қызметкерлерді табу қиын. Мысалы, жақында Дөң тау-кен байыту комбинатының мердігерлері медбике мен кіші қызметкерлерді тауып беруімізді өтінді. Мен бұған дейін бірнеше ауданда қызмет еттім. Тәжірибемнен байқағанымдай, басқа аймақтарда табу оңай емес. Ахуалды жақсарту мақсатында жоғары оқу орындарының басшыларына өзiм тiкелей шығып, соңғы жылдары бітірген мамандардың тізімдерін сұратып алып жүрмін. Сосын сол тізімдер бойынша жұмыс жасаудамыз.

Қажетті мамандар тізімін биылғы соңғы рет өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне шығарған болатынбыз. Біз мұндай жәрмеңкенің өтетіні туралы жарнамалар әлеуметтік желілерге, көшелерге хабарландыру тарату арқылы да алдын-ала кеңінен жасадық. Соның өзінде жәрмеңкеге бар болғаны елу адам қатысты. Дегенмен, сұраныс толығымен қанағаттандырылған жоқ. Бұл жұмыстар тоқтаусыз, күнбе-күн, жыл бойы жүргізіле береді.

— **Осы ретте «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы жайында айтып өтсеңіз.**

— «Ұрпақтар келісімшарты» — зейнетке көткелі отырған мамандықтарына келесі ұрпақ өкілі алу үшін ұйымдастырылған жаңа жоба. Біз әр жұмыс берушіден бір жылдың көлемінде зейнетке шығатын маман жөнінде ақпарат алып, бізде жұмыссыздар қатарында тұрған мамандарды ұсынамыз. Алты ай бойына ол азаматқа жалақы жұмыспен қамту орталығынан жіберіледі. Сол алты айдың ішінде зейнетке кететін маман оған тәлімгер болады. Тәлімгерінің зейнетке шыға-

тын мерзімі келгенде жас маман ұрпақтар келісімшарты бойынша оның орнына жұмысқа орналастырылады. Бұл — жұмыс беруші мен жұмыспен қамту орталығы арасындағы келісімшарт негізінде жүзеге асатын шарт. Бүгінгі күні 8 азамат ұрпақтар келісімшарты арқылы жұмысқа орналастырылды.

— **Жұмыс берушілер орталықпен әріптестік деңгейде қаншалықты жұмыс жасайды?**

— Барлығы әріптесе жұмыс жасайды деп айта алмаймын. Себебі, кейбір жұмыс берушілер өз алдырына мамандарды хабарландыру беру арқылы іздейді. Алайда, заң талабына сай, олар барлық босаған жұмыс орындары жөнінде халықты жұмыспен қамту орталығын хабардар етуге міндетті. Бұл мәселе заң талаптарын білмеуге байланысты туындаған болар, біз жұмыс берушілерге түсіндірме беруді ұдайы жүргізіп отырамыз. Алайда, байланысқа мүлде шықпайтын ірі жұмыс берушілердің жақында аудан әкімінің төрағалығымен өткен әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын

реттеу жөніндегі ұшжақты комиссияның отырысына шығардық. Комиссияның күн тәртібінде жұмыс жасауға қол ұшын бермей жатқан жұмыс берушілердің мәселесі қаралып, алдағы уақытта әріптесе жұмыс жасаймыз деген келісімге келдік.

Жоғарыда айтып өткенімдей, ауданда бос жұмыс орындары көп. Бұл жерде тағы бір айта кететін мәселе бар. Мысалы, Дөң тау-кен байыту комбинатында, комбинаттың мердігерлерінде, кірпіш зауытына мамандар, жұмысшылар тапшы. Оны толықтыру үшін жұмыссыз азаматтарға олардың сұраныстарын ұсынамыз, ал жұмыс іздеп жүргендер көбіне вахталық әдіске орналасу жөнінде өтініш айтады. Сондықтан, кірпіш зауыты басшылығының, мамандарының берген ақпаратына сәйкес осы вахталық әдіспен жұмыс жасауға көшу мәселесі қарастырылуда, бірақ әлі күнге дейін олардан мақұлданды деген хабар келіп түскен жоқ. Ал Дөң тау-кен байыту комбинаты қыркүйек айынан бастап вахталық әдіспен жұмысшыларды жұмысқа қабылдауды бастады. Осы мүмкіндікті пайдаланып, аудан тұрғындарына бұл жаңалықты жеткізгіміз келеді. Егер вахталық жұмыс қызықтырған жағдайда, Хромтау қаласы Спорт көшесі, 2 үй мекен жайына хабарласып, ақпарат алып, жұмысқа жолдама алуға болатынын айтқым келеді.

— **Өз кәсібін ашқысы келетін азаматтарға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қандай көмек көрсете алады?**

— Кәсіп бастаймын дегендер «Еңбек» бағдарламасының шегінде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқу үшін өтінішті аудандық жұмыспен қамту орталығына жыл басында жүгіну арқылы қалдырады. Қалыптастырылған тізім бойынша кәсіпкерлер палатасы жыл бойына кәсіпкерлік курстарына ауданға бөлінген орын көлеміне сай оқытады. «Бастау Бизнес» курсына байланысты бізде жаңа бизнес идеяларға арналған 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде гранттар бар. Міне, сол гранттарды озық бизнес идеялары бар кәсіпкерлер ұтып ала алады. Яғни, жұмысын енді бастап жатқан кәсіпкер болуы шарт. Дегенмен ол жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жұмыс жасағанына он екі ай толмаған болуы керек. Сонымен бірге, «Бизнес Бастау» курсын оқып бітіргені туралы сертификатты және нақты бизнес-жоспары болуы керек.

«Бизнес Бастау» курсын оқымай-ақ, грантқа үміткер бола алатын азаматтар санаттары да бар екенін атап өтуіміз керек.

Олар — атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар және қысқа мерзімді кәсіптік курстарды жұмыспен қамту орталығы арқылы бітіргендер.

Біз жылдың басынан бастап озық бизнес идеялары бар азаматтарға 50 грант бердік. Биыл қыркүйекте комиссия шешімімен 43 азаматқа грант мақұлданды, жылдың аяғына дейін тағы 7 грантқа материал жинақталатын болады. Осылайша, биыл аудан бойынша 100 грант көлемін игеретін боламыз.

— **Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жұмыс жасауда қандай қолдаулар бар?**

— Бұл орайда мүгедектерге қызмет ететін арнайы портал бар екенін атап өткім келеді. Сол портал арқылы азаматтарға қажет барлық құрал-жабдықтар мемлекет тарапынан беріледі. 2021 жылға дейін сатып алынатын құралдың барлығы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізілген болса, биыл бұл арнайы «Е-сөбес» порталы арқылы беріледі. Яғни, әрбір мүмкіндігі шектеулі жан жеке оңалту бағдарламасы аясында қарастырылған қажетті құралдарды портал арқылы ала алады. Жеке оңалту бағдарламасы дәрігерлік ұйғарым нәтижесінде жасалады. Сол бағдарламаға сай алынуда тиіс заттарды азамат өзінің электронды цифрлық қолтаңбасы арқылы «egov» порталына өтініш беру арқылы үйден немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы порталға кіріп, өзі таңдай алады. Бірақ, оған кей азаматтардың мүмкіншіліктері жоқ. Сондықтан, оларға біздің мамандар толықтай көмек көрсетеді.

Қазіргі таңда аудан бойынша 1168 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Жұмысқа қабілетті деген азаматтарды жұмысқа орналастыруға болады. Жыл басынан бері бөлімге 48 мүмкіндігі шектеулі азамат жұмыс сұрап жүгінді. Барлығы да жұмыспен қамтудың белсенді шарасына тартылды. Атап айтқанда, 23 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 3 адам әлеуметтік жұмыс орнына, 1 адам жастар практикасына, 13 адам қоғамдық ақылы жұмыспен қамтылды. Осындай топтағы 5 адам кәсіпкерлік курстарына жолданды, 1 адам грант алды, 1 адам қысқа мерзімді оқуға жолданды, енді бірі шағын несие алды. Бүгінгі күні ауданымызда тұрақты жұмыс жасайтын мүмкіндігі шектеулі 105 адам бар. Аталған санаттағы азаматтарға ақшалай көмек түрлері де қарастырылған. Мәселен, биыл қыркүйек айында бұл топтағы азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі балаларға 50 мың теңгеден, барлығы 55,2 млн теңге біржолғы көмек төленді.

Жанел ӨТЕУЛІ.

Тасөткел орта мектебінде жылма-жыл дәстүрге айналған шара биылғы жылы жалғасын тапты. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым» жобасы аясында «Самғатқан сан қыранды Алтын ұям!» тақырыбында түлектермен кездесу форумы өтті.

Іс-шара туған жеріне танымал, түрлі салада еңбек етіп жүрген түлектердің өз еліне, туған жеріне деген ыстық сағыныштарын жас ұрпаққа насихаттау, үлгі ету мақсатында ұйымдастырылды.

Аталған форумға аудандық білім бөлімінің басшысы Ельмұрат Болатұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Қайырбай Қайырлыұлы және зейнеткер ұстаз Гүлсайран Молдабайқызы мен ауыл жанашыры, жергілікті ақын Жұбанаш Тағыбергенұлы және түлектер мен ұстаздар қауымы қатысты.

Шара мемлекеттік әнұранның орындалуымен басталып, ұрпақ болашағына тәрбие мен білім шуағын шашқан, шәкірттері ұмытпайтын ұстаздар мен өмірден өткен мектеп түлектерін сағынышпен еске алып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Шара барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Ельмұрат Болатұлы құттықтау сөз сөйлеп, әр жылғы түлектерді алғыс хатпен марапаттады. Түлектер мектеп бітірген кезеңдері бойынша сахна төріне шақырылып, жүрежарды лебіздерін білдіріп, білім алған ордаларына сыйлықтарын табыстады.

Жалпы сомасы 1 212 960 теңге көлемінде төмендегідей көмек көрсетті:

1980-1981 оқу жылында бітірген 40 жыл толған түлектер принтерді / Жалпы сомасы – 60000 тг/


1985-1986 оқу жылында бітірген 35 жыл толған түлектер интербелсенді тақта / жалпы сомасы – 311 880тг/

1990-1991 оқу жылында бітірген 30 жыл толған түлектер интербелсенді тақта/ жалпы сомасы – 311 880 тг/

1995-1996 оқу жылында бітірген 25 жыл толған түлектер музыкалық



Ел ағаларына мың алғыс!



колонка және ыдыс-аяқтар жиынтығын / Колонка – 99 600тг, ыдыс-аяқтар жиынтығы – 34 600тг.

2000-2001 жылы оқу бітірген түлектер мектебімізге иетербелсенді тақтаны сыйға тарту етті. / Жалпы сомасы – 260 000 тг /

2010-2011 оқу жылында бітірген 10 жыл толған түлектер спорттық хоккей жиынтығын / Жалпы сомасы –90000т/

2015-2016 оқу жылында бітірген 5 жыл толған түлектер 45 000 мың теңгелік сертификатын табыстаса./ Жалпы сомасы – 45 000 теңге/

1 қыркүйек - Білім күні қарсаңында 1979-1980 жылы мектеп табалдырығын аяқтап, оқу бітіргендеріне 41 жыл болған мектеп түлектері мектепке деген сағыныштарын, ыстық ықыластарын білдіріп, мектеп ауласына субұрқақ (фонтан)орнатты.

«Туған елге тағзым ету - парызым, туған жерге қызмет ету - қарызым»- дейтін жомарт жандар, ел ағаларына алғыс білдіреміз

Жарқын істерімен таң қалдырған түлектеріміз аман болсын. Әрбір күндері мерекелі, әр істері берекелі болсын!

Гүлжанат Жолдыбаева,
Директордың тәрбие ісі орынбасары
Тасөткел орта мектебі

ҚАРИЯСЫ БАР ЕЛ – қазынасы бар ел



Ұлт даналығы ел ішіндегі сыйлы қарияларды құрметтеп, олардың есиетін өмір жолында ұмытпауға дәріптейді. 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Еңбек - ердің санаты, білім - ердің қанаты» демекші еңселі еңбегімен ауданға танылған қария Айсұлтан Біржановпен әңгімелескен едік.

АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Ол 1938 жылы Қопа кеңшарында дүниеге келген. 1955 жылы Ден орта мектебін жақсы бағамен бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсуге дайындалады. Алайда, кенеттен сырқаттанып, жоспарын кейінге шегіндіруге мәжбүр болған.

«Жүрек жетіспеушілігі анықталған соң үйдегілер жыраққа жібермеді. Ешқайда шыға алмай сырқаттанып үйде жаттым. Содан бір жыл өткен соң оқуға кетпегенімді білген ұжымшар басқармасы хабарласып, есепші ретінде жұмысқа кіруге ұсыныс айтты. Бір жыл сол қызметті атқардым. 1957 жылы астық көп болғандықтан басқарма басшысы мені астық қабылдаушы етіп тағайындады. Оны естіген қызметкерлер «Мынауың бала ғой. Астықты қалай қабылдамақ?» деп сенімсіздік танытты. Алғашында өзім де жүрексінгенім рас. Себебі, ол зор жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Дегенмен, шаруаға кірісіп кеттім. Кіріскенім соншалық, түнімен ұйықтамай, есеп жүргізетінмін. Іштегілер «Ба-

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



лам-ау, ауырып қаласың ғой. Сәл тынығып алсаңшы» деп алаңдай бастады, бірақ мен жұмысымды ойдағыдай атқару үшін бар күшімді салдым. Сөйтіп, 40 мың тоннадай астықты есептеп, тапсырдым. Ол жердегінің бәрі есепте, жұмысымды адал атқаруым керек болғандықтан ешкімге ештеңе бермейтінмін. Астықтан кішкене алғысы келген әйелдер «Мына бала бәле ғой өзі» деп ашуланатын» - деп есіне алды қария.

Осылайша, өз қызметіне адалдықпен, жауапкершілікпен қараған Айсұлтан ата басшылықтың үмітін ақтап, 1957 жылы басқарманың ұсынысымен «Ақтөбе есеп және бухгалтерлік мектебіне» бір жылға оқуға кетеді. 1958 жылы оқуын үздік бағамен бітіріп, кеңшарға қайтқан соң бас есепші қызметіне дейін көтеріледі. 1960 жылдан бастап бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс жасайды.

БІЛІКТІ МАМАН

«1960 жылы есепші қызметіммен қоғамдық жұмыстарды қоса алып жүріп, Новоресей аудандық комсомол комитетінің грамотасын алдым. Сөйтіп жүргенде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы шақырытып алды да, менің қоғамдық жұмысқа белсене араласып жүргенімді ескере отырып бірінші хатшы болуға ұсыныс айтты. Мен бас тарттым. Өйткені, ол кезде менің жоғары білімім, жеткілікті тәжірибем жоқ еді. Бірақ, тәжірибе жинап, Алматыдағы конференцияға барып келген соң бірінші хатшы болып тағайындалдым», - деді Айсұлтан ата.

Қай қызметте жүрсе де зор абыройға ие болған маман біліктілігін арттыру мақсатында 1964 жылы есепші мамандығы бойынша Алматы партиялық жоғарғы мектебіне оқуға түседі. Ол үнемі қатарының алды болып жүрді және оқу барысында да өз қалпынан таймай, жоғарғы мектепті қызыл дипломмен аяқтады. Сөз арасында Айсұлтан ата студенттік жылдардағы оқиғасын есіне алып: «Төрт жыл бойы барынша зейін қойып оқыдым. Бірақ, бірде емтихан күні сырқаттанып, кешігіп қалдым. Оқу орнына барсам, емтиханды мемлекеттік комиссиядан тоғыз адам қабылдап отыр екен. Олар дайындалуға мұрдат бермей, сұрақтарға ауызша, сол бойда жауап берімді талап етті. Содан кейін оқытушыға: «Біржанов кешігіп келді. Тек ауызша қабылдаймыз. Сіз оның барлық сұраққа жауап бере алатынына сенімсізсіз бе?» - деді. Ол кісі сенімді екенін айтты. Сөйтіп ұзақ уақыт бойы сұрақ қойды. Бір уақытта комиссия төрағасы: «Жә, жетер енді. Қашанғы қинаймыз. Барлығына жауап берді ғой» - деді де үздік баға қойып берді» - деп бөлісті.

Сондай-ақ ол 1968 жылы Қызылқайында партия ұйымының босатылған хатшысы, 1974 жылы партиялық ұйымның хатшысы, 1985 жылдан бастап партия жұмысын ұйымдастыру бөлімі бастығының орынбасары болып жұмыс істеген. Бұл – кейіпкеріміздің тәуелсіздік жылдарына дейінгі жүріп өткен еңбек жолы еді. Одан соң көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Қан мен тердің, ерік пен жігердің арқасында жеткен тәуелсіздік сағыныш пен жүректі көрнеген қуанышты сезіндіргені сөзсіз. Алайда, мемлекет болып қалыптасу орасан зор еңбекті талап етті. Бүгінгі өзге мемлекеттермен терезесі тең Қазақстан Республикасы сол бағытта еңбек еткен азаматтардың үлесі. Сондай азаматтың бірі – Айсұлтан Біржанов.

«Алдымен аудан әкімінің көмекшісі, одан соң аудан әкімі аппаратының басшысы қызметін атқардым. Тәуелсіздікке дейінгі жылдардағы жұмыс істеу бағыты мүлде өзгеше болатын. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеу бағытын тәуелсіздік алған соң түсіндім. Егемендік алғаннан кейінгі алғашқы жылдар белгісіздікке, жаңашылдыққа толы еді. Конституциямыз, декларациямыз қабылданды. Алдымызда сол жаңашылдықтың барлығын халыққа түсіндіру мақсаты тұрды. Көптеген жиындар өткіздік. Кеңес үкіметі кезінде жұмыс жасаған азаматтарды іріктеп, оларды дайындап, жұмысқа кірістірдік. Біздің аппаратты комиссия тексеріп тұратын. Ешқандай шағым алып көрмеппіз. Содан кейін 2002 жылы зейнетке шығып, 2003 жылы аудандық мәслихатта бас маман қызметін атқардым» - дейді ақсақал.

«ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ БОЛУ»

Елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Айсұлтан ата бүгінде сексеннің сенгірінде. Оның 4 баласы, 6 немересі, 4 шөбересі бар. Балалары физик, дәрігер, есепші қызметтерін атқарады. «Әжелерімнен 1957 жылы үйлендік. 64 жыл бойы тату – тәтті өмір сүріп келеміз. Бір – бірімізді ренжіткен емеспіз. Мен айтсам ол айтса мен тыңдайтынбыз. Ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырып, немерелеріміздің қызығын көріп отырымыз. Жазда бақша егеміз» - дейді ол.

Жанел ӨТЕУЛІ



Жумабек Закирович Испаев родился в 1962 году в с.Жаксымай Темирского района Актюбинской области. После окончания Кудуксайской средней школы Хромтауского района поступил в сельскохозяйственный институт г.Уральска. После института долгое время работал агрономом, семеноводом. Вместе с супругой воспитали двух дочерей и двоих сыновей.

В жизни каждого человека есть люди, которые оказывают заметное, решающее влияние на формирование его профессиональных качеств, характера, мировоззрения. И особенно счастлив в своей судьбе тот, кому встретился учитель, умеющий принести любовь, доброту, глубокие знания ученикам, педагогическое мастерство коллегам. Всегда удивляешься, как один человек совмещает в себе как мягкость, так и строгость в определенных ситуациях.

С 1992 года Жумабек Закиро-

ШТРИХИ К ПОРТРЕТУ

ВЕЛИКИЙ ТРУЖЕНИК, УМНЫЙ КОЛЛЕГА И ПРОСТО НАДЕЖНЫЙ ДРУГ

Учителю достаточно иметь только два качества – большие знания и большое сердце. Всем этим обладает Жумабек Закирович Испаев – опытный наставник молодых, великий труженик и просто надежный друг, умный коллега. Его любят и уважают как талантливого преподавателя, грамотного, прекрасного специалиста в городе, районе, области. Он всегда в вечном поиске, вечном труде.

вич работает в Хромтауском горно-техническом колледже мастером по производственному обучению. Неоднократно его ученики принимали участие в различных конкурсах и чемпионатах. Его студенты Н.Жалғасбаев, Е.Мухамбетжан заняли первое место в Чемпионате профессионального мастерства.

Каждый урок с Жумабеком Закировичем проходит по-особенному, каждый раз он придумывает разный план проведения урока. Это и самостоятельное изучение темы по учебнику, распечатанному материалу, и правила с легким запоминанием на доске. Каждую тему преподаватель пытается донести до каждого учащегося.

Стать учителем сможет только ответственный человек, который любит детей, готов обучать и давать знания.

Учитель – это звучит величественно и гордо! Очень большую роль в жизни каждого человека

играет учитель. Ведь не зря во все времена профессия учителя остается самой уважаемой и сложной потому, что на плечи учителя ложится большая ответственность. Это очень сложный труд, ввиду того, что связан он с высоким нервным напряжением и постоянной концентрацией. Не каждый человек может воспитать и помочь раскрыться новой личности.

Жумабек Закирович – учитель от Бога. Кажется, что это не он выбрал профессию, а профессия выбрала его. Это очень отзывчивый, чуткий и сердечный человек.

На его уроках всегда тишина, потому что каждое сказанное Жумабеком Закировичем слово пропитано любовью к своему предмету и ученикам. Знания, которые он дает, всегда глубокие и полезные. У него блестяще получается передать материал на простом языке, который очень хорошо воспринимается.

«У нашего учителя отличное восприятие окружающей обста-

новки. Наш преподаватель очень хочет, чтобы мы добивались поставленных целей в жизни, всячески поддерживает нас, к нему можно обратиться с любым вопросом, он всегда поможет и объяснит», - так отзываются о своем преподавателе его подопечные.

«Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, - он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он – совершенный учитель», - сказал Л.Н.Толстой.

Жумабек Закирович создает новые методики преподавания, обменивается опытом с коллегами, приобретает множество методических сборников. Он постоянно развивается и проявляет интерес к современному миру, чтобы лучше понимать учащихся и быть способным предостеречь их от ошибок. Если дети видят, что учитель современен, то они прислушиваются к его мнению.

Быть учителем очень трудно. Необходимо обладать очень многими качествами: добротой, терпением, умом и любовью к детям.

У Д.Лихачева есть такие слова: «Если жить только для себя, своими мелкими заботами о собственном благополучии, то от прожитого не останется и следа. Если же жить для других, то другие сберегут то, чему ты служил, чему отдавал силы». Эти слова как нельзя лучше характеризуют труд Жумабека Закировича Испаева.

Нам всем надо ценить таких замечательных людей, принадлежащих к профессии Учитель!

Лариса КИМ



ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН ОТБАСЫ

«Мерейлi отбасы» — адамгершiлiк құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенiң жағымды үлгiсiн дәріптеуге, отбасы мәртебесiн арттыруға бағытталған ұлттық байқау. Аталған байқаудың аудандық кезеңiнiң жеңiмпаздарының бiрi — Бөгетсай ауылындағы Дүйсенбiндер отбасы.

Төреғали Дүйсенбiн жары Ларисаны кездестiрген соң оған үш айдан кейiн сөз салған. Биыл ерлi-зайыптының отасқанына 15 жыл толыпты. Олар — сегiз бала тәрбиелеп, өз кәсiптерiн дамыту жолында еңбектенiп жүрген үлгiлi отбасы.

«2006 жылы ауылда таныстарымыз қонаққа шақырған болатын. Бiз сол кеште таныстық. Көп ұзамай шаңырақ құрдық. Қазiр көпбалалы отбасымыз. Екеумiз де көпбалалы отбасында өскен-дiктен, өз шаңырағымызда да солай болғанын қаладық. Балаларымызды iзгi қасиеттерге, еңбек-орлыққа тәрбиелеудемiз», — дейдi ерлi-зайыптылар.

АТ БАПТАУ — АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ ӨНЕР

Жылқы — халқымыздың болмысын айқындайтын, ерекше қасиеттерменетін жануар. Сондықтан, бұрын «ат құлағында ойнайды» деген мақтау әр қазаққа қатысты болатын. Төреғали Дүйсенбiн ата-баба қызығушылын мұра еткендердiң бiрi.

«Жолдасымның отбасы, жалпы өзi де жылқы малына ерекше сүйiспеншiлiкпен қарайды. Бұл қасиет 13 жастағы тұңғышымыз-



дың бойына да дарыған. Өзiнiң тайын ат жарыстарға қосып жүр. Қазiр iндетке байланысты ат жарыстар өткiзiлмейдi, бiрақ рұқсат етiлгенде оны қайтадан жандандырмақшы. Сондай-ақ, былтыр «Еңбек» бағдарламасы арқылы екi миллион жүз мың теңге көлемiнде несие алған едiк. Сол қаражатқа 7 жылқы сатып алдық. Кейiн өзiмiз тағы да бесеуiн қостық. Алдағы уақытта осы кәсiбiмiздi дамытып, қымыз өндiрумен айналысу жоспарымызда бар», — дедi Л.Дүйсенбiна.

КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ КӘСІБІ

Лариса Дүйсенбiна — мемлекеттiк бағдарламаларды тиiмдi пайдаланып жүрген көпбалалы ана. Ол өткен жылы «Бизнес бастау» бағдарламасына қатысып, 550 мың теңге грант ұтып алған. Иеленген қаражатына сауын мал алып, бүгiнде табиғи өнiмдердi сатып отыр.

«Ауылымызда көпбалалы аналар үшiн кәсiп ашу бағытында жиындар жиi өткiзiледi. Аудан әкiмдiгi, кәсiпкерлiк палатасынан келген әкiлдер бiзге қорықпай кәсiп ашуға кеңес беретiн. Осындай кеңестердiң ықпалымен көптеген келiншек өз iстерiн бастады. Мен де былтыр сәуiр айында «Бизнес бастау» бағдарламасына қатыстым. Оқу 21 күн онлайн түрде өттi. Екi күн сайын тест тапсырып отырдық. Мамандар сұрақтарымыздың барлығына жауап бердi. Сөйтiп, оқуды сәттi аяқтадым да, грант қаражатына сауын сиыр сатып алдым. Қазiр сол өнiмдердi сатудамын. Тапсырыс берушiлер көп», — дейдi көпбалалы ана.

ҚАМШЫ ӨРІП, ҚҰРАҚ ҚҰРАЙДЫ

Төреғали мен Лариса балаларын жастайынан еңбекке баулып

жүр. — Үлкен ұлымыз әкесiмен таңғы бесте тұрып, шаруаға кiрiсiп кетедi. Ұлдарымыз әкесi сияқты төрт, сегiз өрiм қамшы, арқан өредi. Мен құрақ құраған-ды жақсы көремiн. Маған құрақ құрап, көрпе тiгудi анам көрсеткен. Қолөнердiң бұл түрiн мен өндi өз қыздарыма үйретiп жүрмiн. Со-

нымен қатар, балаларымыз түрлi үйрiмдерге қатысады: бiреуi күреске, екi қызым биге және тағы бiр қызым ән үйрiмесiне барып жүр. Қызығушылықтары өте жоғары. Бiз балаларымызға бiр-бiрiне бауырмал, үлкенге құрмет, кiшiге iзет көрсету керектiгiн үнеми айтып отырамыз, — дедi отбасының отанасы.



P.S. Ұлтымыздың бойындағы асыл қасиеттерді өз бойынан сіңіріп, ұрпақтарына үлгі еткен кейіпкерлеріміз — Дүйсенбiндер отбасының бүгiнгi тірлiгi көпке үлгi. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған осындай өнегелi отбасылардың топ жарып, сайыстарда жеңiмпаз атануы кiм-кiмдi де сүйсiнтерi анық.

Жанел ӨТЕУЛІ.



ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН КЕЛІСУ КОМИССИЯЛАРЫНДА ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Республиканың еңбек заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Еңбек Кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Конституцияның 24-бабында: "Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар" делінген.

Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітудің сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Яғни, әрбір азамат Конституцияда көзделген құқықты жалдама-лы еңбек, жеке еңбек қызметі, мемлекеттік қызмет сияқты алуан түрлі нысандарда жүзеге асыра алады, ал қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы азаматтың еркін еркін тұрады.

Еңбек дауы - қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек туралы заңнаманы қолдану, еңбек шартының талаптарын орындау туралы, қызметкер мен жұмыс берушінің арасында реттелмеген мәселелер бойынша келіспеушіліктер.

Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексінің қабылда-нуымен еңбек дауларын шешу тәртібі айтарлықтай өзгерді, өйткені келісу комиссиясының келіспеушіліктерді қарауы міндетті кезең болды.

Келісу комиссиясы ұйымда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Келісу комиссиясы тепе-тең негізде жұмыс беруші мен жұмыс-керлер өкілдерінің тең санынан құрылады.

Еңбек кодексінің 159 - бабының 1-тармағына сәйкес жеке еңбек дауларын келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясының шешімін орындамау бойынша соттар, ша-ғын кәсіпкерлік субъектілері мен заңды тұлғаның атқарушы ор-ганының басшыларын қоспағанда, қарайды.

Алдыңғы Еңбек кодексінен айырмашылығы, келісу комиссиясының жеке еңбек дауын қарауы міндетті болып табылады, тек реттелмеген мәселелер бойынша немесе келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда дау сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

Бұл талап Қазақстан Респу-бликасының Азаматтық іс жүргізу ко-дексінің 8-бабының 6-тармағына сәйкес келеді, одан келіп шыға-тыны, егер заңда істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады.

Келісу комиссиясы заңды тұлға-ның атқарушы органының бас-шыларымен және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қыз-меткерлерімен дауларды қоспа-ғанда, жеке еңбек дауларының барлық түрлерін қарайды.

Сондықтан орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер міндетті түрде келісу комиссия-сын құруы тиіс.

Келісу комиссиясы Еңбек ко-дексіне және Қазақстан Респу-бликасының өзге де заңдарында қараудың өзгеше тәртібі белгілен-

ген дауларды қоспағанда, ұйым-дарда туындайтын еңбек даула-рын қарау жөніндегі орган болып табылады.

Келісу комиссиясы тараптар-дың келісімі бойынша еңбек заң-намасын, еңбек және ұжымдық шарттарды қолдануға байланыс-ты еңбек дауларының көз келген санатын, мысалы, жұмысқа қайта алу туралы, еңбек жағдайларын өзгерту туралы, еңбекақы төлеу және еңбекті қорғау мәселелері бойынша, тәртіптік жазалар қол-дану туралы және т. б. дауларды қарауы мүмкін.

Келісу комиссиясы тепе-тең не-гізде жұмыс беруші мен жұмыс-керлер өкілдерінің тең санынан құрылады. Жұмыскерлердің жал-пы жиналысында жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы келісім бойынша келісу комисси-ясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмыс істеу тәртібі мен өкілеттік мерзімі белгіленеді. Жұмыс беруші келісу комиссия-сына өз өкілдерін тиісті актімен та-ғайындайды, ал қызметкерлерден өкілдерді қызметкерлердің жалпы жиналысы сайлайды, бұл ретте жұмыс берушіден келісу комисси-ясына өкілдердің сандық құрамы жұмыскерлер өкілдерінің сандық құрамына сәйкес келуге тиіс. Келісу комиссиясы құрылғаннан кейін оның мүшелері бірінші ұйым-дастыру отырысында көпшілік да-уыспен өз құрамынан төраға мен хатшыны сайлайды.

Егер жұмыскер өз бетінше не-месе өз өкілінің қатысуымен келі-спеушілікті жұмыс берушімен тікел-лей келіссөздер кезінде реттеме-се, еңбек дауын келісу комисси-ясы қарайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 172-бабында келісу ко-миссиясына жүгінудің жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша - жұмыс берушінің еңбек шар-тын бұзу туралы актісінің көшірмесі тапсырылған күннен бас-тап үш ай, басқа еңбек даулары бойынша - қызметкер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл мерзімдері белгіленеді.

Келісу комиссиясына келіп түскен өтініш міндетті тіркелуге жатады, өтінішті қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. ҚР еңбек заңнамасында мұндай өтініштің нысаны көзделмеген, сондықтан қызметкер еркін ны-санда өтініш жаза алады, бірақ еңбек дауының мәні, дау туында-ған күн, қандай еңбек құқықтары немесе еңбек заңнамасының нор-малары бұзылғанын көрсетеді. Сондай-ақ, еңбек дауын толық және объективті қарауға көмекте-су үшін қызметкер еңбек дауына қатысты құжаттарды өтінішке қоса беруі керек.

Келісу комиссиясы еңбек дау-ын өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қарауға міндетті.

Дау өтініш берушінің немесе ол уәкілеттік берген өкілдің қатысу-ымен қаралады. Дауды қызмет-кердің немесе оның өкілінің қаты-суынсыз қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана жол бері-леді. Қызметкер немесе оның өкілі отырысқа келмеген жағдай-да, еңбек дауын қарау кейінге қалдырылады. Қызметкер не-месе оның өкілі дәлелді себептерсіз екінші рет келмеген жағдайда, келісу комиссиясы мәселені қарау-

дан алып тастау туралы шешім шығаруы мүмкін. Бұл қызметкерді Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 172-бабында белгіленген мерзім шегінде еңбек дауын қарау туралы қайтадан өтініш беру құқығынан айырмай-ды.

Еңбек дауын объективті және толық қарау үшін келісу комисси-ясы отырысқа куәларды, ұйым-ның қызметкерлері бола алатын мамандарды, сондай-ақ өзінің куәлігімен немесе маманның қорытындыларымен еңбек дауын қарауға мүмкіндік беретін адам-дарды шақыруға құқылы. Сон-дай-ақ, келісу комиссиясы ұйым басшысынан оған қажетті құжат-тарды, мысалы, еңбек дауына қатысты басшының хабарлама-сың, бұйрықтарын, өкімдерін және басқа да актілерін талап ете ала-ды. Ұйым басшысы сұрау салын-ған құжаттарды келісу комиссия-сы белгіленген мерзімде беруге міндетті.

Келісу комиссиясының отыры-сы, егер оған жұмыскерлер аты-нан өкілдік ететін мүшелердің ке-мінде жартысы және жұмыс бе-руші атынан өкілдік ететін мүше-лердің кемінде жартысы қатыс-са, заңды деп есептеледі. Келісу ко-миссиясының отырысында хат-шы хаттама жүргізеді, онда келі-су комиссиясының еңбек дауын қарау процесі тіркеледі. Келісу ко-миссиясының хаттамасына ко-миссияның төрағасы немесе оның орынбасары қол қояды.

Келісу комиссиясы отырысқа қатысып отырған комиссия мүше-лерінің көпшілік даусымен шешім қабылдайды. Өтініш берушінің немесе комиссия мүшелерінің бірінің талап етуі бойынша дауыс беру жасырын өткізіледі. Келісу комиссиясының шешімі заңдар мен нормативтік құқықтық акті-лердің нақты нормаларына сілте-ме жасай отырып, еңбек заңна-масына сәйкес шығарылуға тиіс.

Келісу комиссиясы шешімде оның орындалу мерзімін көрсет-еді және шешім дереу орындалу-ға жатады.

Келісу комиссиясы шешімінің тиісінше куәландырылған көшірмелері шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде ұйымның қызметкері мен басшы-сына тапсырылады.

Келісу комиссиясының шешімі-мен келіспеген, сондай-ақ оны орындамаған жағдайда, қызмет-кердің немесе жұмыс берушінің еңбек дауын сот тәртібімен шеш-шуді жүзеге асыруға құқығы бар, алайда еңбек дауы қайтадан қаралатын болады және сот үшін келісу комиссиясының шешімі преюдициялық мәнге ие болмай-ды.

Істерді қараудың сот тәртібі жұмысшылардың ғана емес, жұмыс берушілердің де бұзылған құқықтары мен мүдделерін қал-пына келтіруді қамтамасыз ете отырып, еңбек дауларын тез және дұрыс шешуге кепілдік береді, өйткені сот қорғанысы бұзылған құқықтарды қорғаудың сенімді және тиімді нысаны болып табы-лады.

Сот қорғауының артықшылығы сот төрелігінің конституциялық қағидаттары, судьялардың тәу-елсіздігі және соттың дауласушы тараптармен және іс қатысушыла-рымен байланысы болмауы.

А.Каримолдаева,
аудандық соттың бас
маманы

АЛДАҒЫ ҮШ КҮНДЕ АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Кезеңнің басында батыс өңірлерді қоспағанда, Қазақстан аума-ғының басым бөлігі әлі де циклон жырасының ықпалында бола-ды. Еліміздің солтүстігінде, солтүстік-батысында, шығысында, орталығында және оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында жаңбыр мен қар жаууы мүмкін. Оған қоса, жауын-шашын көктайғақ құбылыстарымен ұласпақ. Түнде және таңертең тұман болжана-ды.



01 қазаннан бастап, солтүстік-батыс антициклонның батыстан шы-ғысқа қарай ығысуына қарай, жауын-шашынның тоқтатылуы және ауа температурасының одан әрі төмендеуі жалғасалды.

Түнде солтүстікте, шығыста және орталықта 1-6 градус аязға, күндіз 2-7 градус жылуға дейін. Еліміздің солтүстік-батысында түнде термо-метр 6 градусқа дейін төмендейді, күндіз 3-13 градус аралығында жылы болады. Ал оңтүстік өңірлерге келсек, түнде 2 градусқа дейін үсік жүреді, күндіз температура 8-13 градусқа дейін төмендейді. Тек еліміздің батысында ғана ауа температурасының негізгі фоны түнде 3 градус аяз - 5 жылуды, күндіз 10-15-тен 13-18 жылуға дейінгі ара-лықты құрайды.

Қолданылған материалдарға міндетті түрде www.egemen.kz сай-тына гиперсілтеме берілуі тиіс / Любое использование материалов допускается только при наличии гиперссылки на egemen.kz: <https://egemen.kz/article/291006-aldaghy-ush-kunde-aua-rayy-qanday-bolady> © **egemen.kz**

УЧАСТНИКАМ ТОО «АҚЖАР АГРО»

Извещение от 28 сентября 2021 г.
1. Предоставление в залог движимого имущества принадлежащее ТОО «Ақжар Агро».
2. Предоставление согласия ТОО «Кредитное товарищество «Хром-тау-Агро» и АО «Аграрная кредитная корпорация» на внесудебную реализацию имущества передаваемого в залог.
3. О предоставлении согласия ТОО «Ақжар Агро» на рассмотрение всех споров, разногласий и требований возникающих из договоров о предоставлении обеспечения и связанных с ними отношений, как в государственном суде в соответствии с требованиями ГПК РК, так и в ТОО «Первый Экономический Арбитраж».
4. О наделении полномочиями директора ТОО «Ақжар Агро» Су-лейменова Бақыта Умирсериковича на представление интересов ТОО «Ақжар Агро» .

«КТ «ХРОМТАУ-АГРО»

ТОО «КТ «Хромтау-Агро», извещает своих участников о внеочеред-ном собрании учредите-лей . В связи с уменьше-нием уставного капитала ТОО.

Собрание состоится 2 ноября 2021 г. в городе Хромтау, проспект Абая, дом 2-76.

Открыто наследственное дело на имя Кулетенова Куа-ныша Ахметовича 10 июня 1945 года рождения, умерше-го 22 ноября 2020 года. На-следникам следует обратиться по адресу: г.Хромтау, пр. Абая,1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Бектургановой-Шайзады Ермановны 08 октяб-ря 1956 года рождения, умер-шей 02 августа 2021 года. На-следникам следует обратиться по адресу: г.Хромтау, пр. Абая,1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Подниколенко Ольга Максимовна 20 мая 1934 года рождения, умершей 16 августа 2021 года. Наслед-никам следует обратиться по адресу: г.Хромтау, пр. Абая,1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Ташрановой Сулу Сагиевны 24 декабря 1955 года рождения, умершей 13 ап-реля 2021 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г.Хромтау, пр. Абая1, к нотари-усу Козбагарову К.К.

Хромтау аудандық ардагер-лер кеңесі Хромтау аудандық маслихатының хатшысы Молда-шев Дәурен Хайрединұлына **ағасы Нысанғалдың** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтады.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ЕМДЕЛУШІЛЕР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

2021 жылдың жарты жыл-дығында ауруханада күндізгі стационарда ем алғандарды қоспағанда, емделген науқа-стар саны – 19 894 болса (кли-никалық және акушерлік блоктарды қоса алғанда), соның ішінде 16 263-і, яғни 81,7%-ы медициналық сақ-тандыру жүйесінде емделген, деп хабарлайды Egemen.kz.

МӘМС жүйесі енгізілгелі бері елімізде медициналық көмектің кең спектрлі мүмкіндіктерін медициналық сақтандыру деңгейінде алуға болады. Оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер де бар. Медицина-лық сақтандыру жүйесінде сақ-тандырылған әр азамат төлен-ген жарна мөлшеріне қарамаст-ан МӘМС арқылы медицина-лық қызметтердің барлық па-кеті бойынша, оның ішінде құны қымбат тұратын жоғары техно-логиялық медициналық қыз-меттер де бар, тегін медицина-лық көмек алады.

«№1 көпбейінді қалалық ауруханада МӘМС аясында 10-нан аса жоғары технологи-ялық медициналық қызмет көрсетіледі. атап айтқанда: бас және мойын артерияларының эндартериозектомиясы, бас және мойын қан-тамырлары-ның эндоваскулярлық эмболи-зациясы, жамбас-тізе буында-рын ревизия жасау арқылы алмастыру, терінің аллотранс-плантациясы, экстрә және интра-краниальды қантамырлар-ды шунттау, т.б.» деді Елорда-дағы №1 көпбейінді қалалық аурухана директорының меди-циналық қызметтің сапасын бақылау және инновация жөніндегі орынбасары Бақыт-жан Абдуллаев.

«Egemen.kz»

ХАБАРЛАНДЫРУ

11.11.2021 ж.сағат11.00-де (Ақтөбе уақыты бойынша) Ақтөбе об-лысы, Хромтау ауданы, Хромтау қ., Бейбітшілік алаңы, 25, Кеншілер мәдениет үйі мекенжайы бойынша «ТҰК ХРОМТАУ» АҚ филиалы Дөң тау-кен байыту комбинатының санитарлық қорғау аймағының шека-расында нақты уақыттағы атмосфералық ауадағы ластаушы заттар-ды бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің құрылысы жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсет-кен кезде енгізіледі.

Карантин ұзартылған жағдайда белгіленген қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өтеді.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет <https://us04web.zoom.us/j/633140852?pwd=V1pVNV1VcDYxV0s4NXJYNzFrYnpsdz09>

Идентификатор 563 314 0852, пароль 11111

Конференцияғақосылу сұрақтары бойынша 8(7172)610-913 теле-фонына хабарласуға болады

Тапсырыс беруші: «Қазхром» ТҰК» АҚ ; БСН 951040000069; 030008, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Астана ауданы, М.Маметовой к. 4А үйі; тел. 87019204202 (тел. Побережнюк И.С.)

Әзірлеуші: «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ; БСН 991140001226; Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі, 10, 23 қабат; тел. 87172610913

Жергілікті атқарушы орган – «Ақтөбе облысының табиғи ресур-стар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8(7132)55-26-28

Жоба бойынша құжаттамалар БЭК-те <https://ecoportal.kz/> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жари-яланған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар мына электронды мекен -жай бойынша қабылданады: u.murat@ttc.kz 8(7172)610-913; expert_oos@mail.ru 8(7132) 55-26-28

ОБЪЯВЛЕНИЕ

11.11.2021г. в 11.00ч. (по времени г.Актобе) по адресу Актобинская область, Хромтауский район, г.Хромтау площадь Мира, 25, Дом куль-туры горняков проводятся общественные слушания в форме открыто-го собрания по проекту «Строительство автоматизированной системы мониторинга загрязняющих веществ в атмосферном воздухе в режи-ме реального времени на границе санитарно-защитной зоны Донско-го горно-обогатительного комбината – филиала АО «ТНХ «Казхром».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удо-стоверяющего личность.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференц свя-зи на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке <https://us04web.zoom.us/j/633140852?pwd=V1pVNV1VcDYxV0s4NXJYNzFrYnpsdz09>

Идентификатор 563 314 0852, пароль 11111

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8(7172)610-913

Заказчик: АО «ТНХ «Казхром»; БИН 951040000069; 030008, Акто-бинская область, г.Актобе, район Астана, улица М.Маметовой, дом № 4А тел. 87019204202 (тел. Побережнюк И.С.)

Разработчик: АО «ТРАНСТЕЛЕКОМ»; БИН 991140001226; г.Нур-Султан, ул.Д.Қонаев, 10, 23 этаж; тел.8(7172)610-913

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных рес-урсов и регулирования природопользования Актобинской области», тел. 8(7132)55-26-28

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/about?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам:u.murat@ttc.kz8(7172)610-913; expert_oos@mail.ru8(7132)55-26-28

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен қолжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынды.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакцияның мекенжайы:
Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9
телефон: 27-745



Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ